

REVIEW

on the dissertation titled “Developing Students’ Creative Potential in Intellectual Schools” prepared by Lenura Abdualimovna Tleubekova for obtaining the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty 6D010300 – Pedagogy and Psychology

1. Relevance of the research topic and its connection with general scientific and state programs (the demands of practice, and the development of science and technology)

The modern world is increasingly evolving into an intellectually advanced society. In alignment with global practices, the rapid dissemination of information compels contemporary youth to think critically, adopt new ways of thinking, and embrace creativity. In its current educational system, Kazakhstan aims to provide students with the latest achievements and methods in the fields of science and education.

To achieve this, a key task is to foster students as creative individuals during the educational process. The foundations and skills of being a creative personality are nurtured through the involvement of teaching staff and integrated learning processes. Considering these facts, it is highly commendable and inspiring that Kazakhstan is actively establishing Intellectual Schools across the country to identify and develop students’ abilities.

Therefore, the research topic chosen by the doctoral candidate Lenura Tleubekova is highly significant, and her work and results are directly related to the content of the dissertation topic.

In her research, PhD candidate L. Tleubekova logically structures her work into three interconnected sections, relying on numerous methodological approaches. Although there have been several dissertations by researchers in Kazakhstan on the topic of developing students’ creative potential, the essence and objectives of this study indicate that it is an academic and pressing issue that requires deeper and more comprehensive investigation. Each section outlines specific tasks, highlighting and effectively demonstrating various aspects of integrating the development of students’ creative potential into Intellectual Schools.

PhD candidate Lenura Abdualimovna Tleubekova demonstrates the effectiveness of developing mechanisms for enhancing students' creative potential in Intellectual Schools. She proposes mechanisms as technological stages of pedagogy through an elective course titled “Developing Students’ Creative Potential”, extracurricular activities, and the process of teaching English. The high level of students' creative potential positively influences the development of active, independent, free, and competitive individuals, enhancing their engagement in various activities.

2. The validity and reliability of each result, conclusion, and finding formulated in the dissertation

The findings, conclusions, and outcomes of the doctoral candidate Lenura Abdualimovna Tleubekova are substantiated and reliable. They are based on

theoretical and methodological work, as well as experimental data, focusing on the development of students' creative potential in Intellectual Schools. These results meet all the requirements set for a dissertation.

In particular:

1. The candidate defined the theoretical foundations and essence of the concept of students' intellectual and creative potential in Intellectual Schools, establishing its academic basis.
2. A model for describing Intellectual Schools was developed.
3. The candidate identified and explored the methods and tools for forming the creative potential of students in Intellectual Schools.

3. The level of novelty of each scientific result and conclusion formulated in the dissertation

The novelty of the research outcomes and conclusions is characterized by their scientific-theoretical justification, the methodological effectiveness of the approaches applied, and the systematic implementation of practical and experimental work. The study includes valid quantitative and qualitative data on the development of students' creative potential.

Specifically, the research clarified the methodological approaches, criteria, indicators, and levels for implementing the mechanisms and methods to develop students' creative potential in Intellectual Schools. It proposed a methodological approach for implementing a structural-content model of tasks aimed at enhancing students' creative potential.

The study also developed an elective course titled "Developing Students' Creative Potential" and a methodological guide, "A Collection of Exercises for Developing Students' Creative Potential in Intellectual Schools", which can be used in both Intellectual Schools and general secondary schools.

4. Evaluation of the internal consistency of the results obtained

The research materials stand out for their clarity in presenting theoretical and methodological foundations and logical consistency in implementing the methods and approaches. The integrity of the study is substantiated by the interconnected and sequential structure of the dissertation. The objectives and tasks of the study *have* been achieved, and the results confirm the validity of the hypothesis.

5. The practical effectiveness and relevance of the results in solving theoretical or applied problems

Regarding the personal qualities and attributes of the doctoral candidate Lenura Abdualimovna Tleubekova as a researcher, it is worth noting her strong commitment to achieving scientific results and her high sense of responsibility toward science and humanity. Her perseverance, academic determination, and hard work are particularly noteworthy.

Her proficiency in English significantly contributed to the success of her doctoral research, allowing her to utilize international sources and become familiar with studies in other languages during her internship in Turkey. These factors enhanced the international relevance of her dissertation.

The dissertation was carried out in accordance with its objectives, and the experiments were effectively developed and analyzed using appropriate research

methods. The findings of the research are aimed at improving students' creative potential in Intellectual Schools. The theoretical concepts and methodological recommendations presented in the dissertation will assist in solving pedagogical challenges in teacher training institutions, Intellectual Schools, and general educational practices.

6. Confirmation of the sufficient publication of the main provisions, results, findings, and conclusions of the dissertation

Doctoral candidate Lenura Abdualimovna Tleubekova has published a total of 11 scientific works related to her research topic. The content of these works fully corresponds to the conclusions and findings presented in the dissertation. Specifically, she has published:

- 1 article in journals with an impact factor,
- 3 articles in scientific journals recommended by the Committee for Quality Assurance in Science and Higher Education of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan,
- 2 conference materials,
- 4 articles in international scientific journals, and
- 1 methodological guide.

7. Identified shortcomings in the content and design of the dissertation

1. Using a greater number of impact factor sources in the literature review could enhance the academic novelty of the dissertation.
2. The rationale for selecting methods such as P. Torrance, A. Taylor, and Bartlett tests for analyzing the qualitative and quantitative aspects of activities aimed at developing students' creative potential could be elaborated further.
3. Providing information on the adaptation and customization of the mentioned methods to account for the age and individual characteristics of Kazakhstani students would increase the scientific value of the research.

However, these comments and suggestions do not diminish the theoretical and practical significance of the study.

The dissertation titled "Developing Students' Creative Potential in Intellectual Schools" fully complies with the requirements set by the Committee for Quality Assurance in Science and Higher Education of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. It also meets the criteria for awarding academic degrees and represents a high-quality academic work by the author.

The dissertation of doctoral candidate Lenura Abdualimovna Tleubekova, prepared for obtaining the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty 6D010300 – Pedagogy and Psychology, is recommended for doctoral dissertation defense.

Foreign Scientific Supervisor:
Abant Izzet Baysal University
Professor, PhD



**«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Зияткерлік
мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты
тақырыпта дайындаған Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның
диссертациясына**

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінгі әлем зияткерлік жағынан дамыған қоғамға айналып келеді. Жаһандық тәжірибемізге сәйкес, ақпараттың жедел таралуы қазіргі жастарды ойлануға, жаңа ойлау тәсілдеріне және шығармашылыққа жетелейді. Қазақстан бүгінгі білім беру жүйесінде оқушыларға сапалы ғылым мен білім саласындағы ең жаңа жетістіктер мен әдістерді қолдануды мақсат етеді.

Осыны жүзеге асыру үшін қазіргі міндет – мектеп оқушыларын білім беру процесінде шығармашылық тұлға ретінде тәрбиелеу. Шығармашылық тұлға болу дағдылары мен негіздері оқытушылар құрамының қатысуымен және оқу процесінде қалыптасады. Осы фактілерді ескере отырып, бауырлас ел Қазақстанның барлық жерде Зияткерлік мектептер ашып, оқушылардың қабілеттерін анықтап, дамытуға тырысуы өте жігерлендірерлік және мақтауға лайық. Сондықтан докторлық диссертацияға үміткер Ленура Тлеубекова таңдаған зерттеу тақырыбы өте маңызды және оның жұмыстары мен жеткен нәтижелері диссертация тақырыбының мазмұнына тікелей байланысты.

Зерттеу жұмысында докторант Л. Тлеубекова көптеген әдіснамалық тәсілдерге сүйене отырып, жұмыстың құрылымын қисынды түрде өзара байланысты үш бөлімде қарастырады. Қазақстанда зерттеушілер тарапынан оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру тақырыбында бірқатар диссертациялық жұмыстар болғанына қарамастан, тақырыптың негізі мен мақсаты бұл академиялық және өзекті мәселені терең әрі жан-жақты қарастыруды қажет ететінін көрсетеді. Әр бөлім өзіне тән міндеттерді анықтап, оқушылардың шығармашылық әлеуетін Зияткерлік мектептерге қалай біріктірудің нақты аспектілерін анықтап, тиімді түрде көрсетеді.

Докторант Тлеубекова Ленура Абдуалимовна өзінің зерттеу жұмысында зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың тетіктерін әзірлеудің тиімділігін көрсетеді. «Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты элективті курста, сабақтан тыс іс-әрекеттерде және ағылшын тілі пәнін оқыту процесі аясында жүргізілген педагогикалық сатыларды тетіктер технологиясы ретінде ұсынады. Оқушылардың шығармашылық әлеуетінің жоғары деңгейде дамуы іс-әрекетте белсенділігі артқан, өз бетінше әрекет ете білетін, еркін және бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге оң ықпалын тигізеді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Докторант Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша жүргізілген ғылыми-теориялық және әдістемелік еңбектерге, эксперимент материалдарына сүйене отырып алған нәтижесі, тұжырымдары мен қорытындылары негізделген және олар шынайы. Олар диссертацияға қойылатын талаптар деңгейлерін толық қанағаттандырады. Атап айтқанда:

1. Зияткерлік мектептерде оқушылардың зияткерлік шығармашылық әлеуеті ұғымының теориялық негіздерін және мәнін анықтап, академиялық негізін белгіледі.
2. Зияткерлік мектеп сипаттау үшін модель әзірледі.
3. Зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін қалыптастыру жолдары мен құралдарын зерттеп, айқындаған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының жаңалығы ғылыми-теориялық тұрғыдан дәйектелумен, әдістемелік тұрғыдан қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуда қолданылатын өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлерінің тәжірибелік-эксперимент жұмысының жүйелі жүзеге асырылуымен, сандық және сапалық мәліметтер дәлелдігімен сипатталады.

Атап айтқанда, зерттеудегі зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері, әдіс-тәсілдері мен механизмдерін жүзеге асыру барысы, әдіснамалық тұғырлар нақтыланған. Педагогикалық тапсырмалар мен оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жүзеге асыру әдістемесі ұсыныс деңгейінде анықталған.

Зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған «Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» элективті курсын әзірлеген және «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған жаттығулар жинағы» оқу-әдістемелік құралын зияткерлік мектептері мен жалпы білім беретін орта мектептердің оқыту үдерісінде пайдалануға болады.

4. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу материалдары теориялық-әдіснамалық негіздерінің ашылып сипатталуының айқындылығымен, әдістемелік тұрғыдан әдіс-тәсілдерді жүзеге асырудағы логикалық бірізділігімен ерекшеленеді. Зерттеудің біртұтастығы диссертациялық жұмыстың мазмұнының өзара байланыста және сабақтастықта құрылғандығымен негізделеді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері шешімін тапқан, алынған нәтижелер қойылған болжамның дұрыстығын растайды.

5. Ізденуші алған нәтижелердің тиімділігі, өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы.

Докторант Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның зерттеуші академик ретінде тұлғалық қасиеттері мен ерекшеліктеріне келер болсақ, оның ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге, ғылым мен адамзат алдындағы жауапкершілікке жоғары қызығушылығы бар екенін атап өту қажет. Оның табандылығы, академиялық жігері мен еңбекқорлығы ерекше назар аударуға тұрарлық. Ағылшын тілін жетік және жеткілікті деңгейде меңгергені, докторлық зерттеулері барысында Түркияда тағылымдамадан өткен кезде шетелдік дереккөздерді пайдалануға, тақырыбына қатысты басқа тілдердегі зерттеулермен танысуға және докторлық диссертациясының халықаралық деңгейде болуына үлкен мүмкіндік берді. Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның диссертация жұмысы тақырыпқа сай орындалған, ал эксперименттердің барысы мен нәтижелері тиімді зерттеу әдістерін қолдану арқылы әзірленіп, талданған.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін жетілдіруге бағытталады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мекемелерінде, зияткерлік мектептерде, жалпы білім беретін мектеп тәжірибелерінде педагогикалық міндеттерді оңтайлы шешуге көмегін тигізеді.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша докторант Тлеубекова Ленура Абдуалимовна жалпы саны 11 ғылыми еңбегін жариялаған. Еңбектерінің негізгі мазмұны диссертацияда ұсынылып отырған тұжырымдар мен қортындыларға толықтай сәйкес келеді. Атап айтқанда, импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда – 1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда – 3, конференция материалдарында – 2, халықаралық ғылыми басылымдарда -4 мақала жариялаған және 1 оқу-әдістемелік құралын әзірлеген.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

1. Диссертация мазмұнына сәйкес әдебиеттер импактфакторлы дереккөздерін көбірек пайдаланғанда жұмыстың ғылыми жаңалығын арттыруға мүмкіндік берер еді.

2. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша атқарылған іс-шараларға сапалық және сандық талдау жасау барысында қолданылған әдістер шетелдік ғалымдар: П.Торренс, А.Тэйлор, Барлетт тесттерін тандап алу себептерін талдауды толықтыра түсу керек.

3. Шетелдік ғалымдар: П.Торренс, А.Тэйлор, Барлетт тесттерін қолдану барысында Қазақстандық балалардың жас және дара ерекшеліктеріне орай

өңделіп бейімделгені туралы ақпарат келтіріліп, оның ескеру себептері нақтыланса, зерттеу жұмысының ғылыми құндылығы артатын еді.

Алайда, бұл аталған кемшілік пен ұсыныс орындалған зерттеу жұмысының теориялық және практикалық мәнділігін кемітпейді.

«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбында жазылған диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған талаптарды толығымен қанағаттандырады, дәрежелерді беру қағидаларының талаптарына толық сәйкес келеді және автордың біліктілік еңбегі болып табылады.

Докторант Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Абант Иззет Байсал университетінің
профессоры, доктор

